



Байсалбаев Кенжебек  
1914 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы  
№6 Бестау ауылдық кеңесіне қарасты «Шилісай»  
ауылында туған. 1942 жылы ақпан айында Торғай  
АӘК-нан әскерге шақырылып, соғыста 405-  
артиллериялық дивизионда қатардағы жауынгер  
болған. Калинин майданында Беломор қаласы үшін  
болған ұрыста 1942 жылы қыркүйек айында  
басынан жарақат алып, госпитальде емделген.  
Үйіне «қайтыс болды» деген қара қағаз келген.  
1943 жылдың басында әскерден босап, елге келген.  
Жаңаауыл, Үштоғай колхоздарында есепші, ферма

меңгерушісі болып жұмыс істеген. «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік еңбегі үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және көптеген мерекелік медальдармен марапатталған. 2001 жылы 31 наурызда қайтыс болған.

